

**Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған Адырбекова Мауе Колибаевнаның
«Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық
ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы
негізінде)» атты диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Технология дамыған заманда бұқаралық ақпарат құралдарының оқырман аудиториясына үздіксіз қызмет етуші тарихи қалыптасқан және әлеуметтік өзгерістерге икемді түрі – газет дискурсы. М.К.Адырбекованың ғылыми зерттеу жұмысы аталған газет дискурсына тән ерекшеліктердің бірегейі – иландыру коммуникацияның лингвопрагматикалық сипаттамасын анықтауға арналған. Персуазивті коммуникацияны лингвистикалық түрғыдан жеке ментальді тілдік категория ретінде қарастыра отырып, оған ағылшын және қазақ тілді газет түрғысынан талдау жүргізген М.К.Адырбекованың мақсаты аталған коммуникацияның нәтижесінде шетелдік және отандық лингвомәдениеттердің сипаттамасын беру болды. Заманауи медиадискурсты халық пен билік арасындағы байланыс ретінде қарастыра отырып, газет материалын жазудағы медиаадресанттың рөлі және оның медиаадресатқа бағытталған персуазивті ниетіне жетудегі тәсілдерін зерттеген бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі ақпарат қызметіне сұраныстың артуымен бірге өсіп отыратын күрделі мәселе. Диссиденттің тақырып тандаудағы басты тірекі шетелдік лингвистикада кеңінен зерттеліп, отандық лингвистикаға жаңадан енген *персуазивті коммуникация* категориясының ағылшын және қазақ тілді лингвомәдени ерекшелігін анықтау болған. Зерттеуші өз мақсатына ұтымды жоспарланған міндеттері арқылы жетті. Оның дәлелі иландыру коммуникациясының ағылшын және қазақ тілді газет дискурсында толықтай зерттелуі үшін қажетті коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың қатарына өзіндік коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларын ұсынуын атауға болады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері шетелдік және отандық лингвистиканың дамуына өзіндік үлесін қосады. Алғашқыда жарнамалық, саяси, әдеби дискурста кеңінен зерттелген персуазивті коммуникация ендігіде көпшілік арасында үздіксіз қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдарының газет дискурсында қарастырылды. Халық ішіндегі даулы мәселені арнайы пішінге келтіріп, оқырман назарына ұтымды ұсынатын газет материалының авторы персуазивті коммуникацияның инициаторы ретінде жеке зерттеу жүргізуі талап етеді. *Газет дискурсы, автор болмысы, иландыру коммуникациясын* ағылшын және қазақ тілді медиа кеңістікте жеке-жеке қарастырған диссиденттің еңбегінің теориялық-әдістемелік негізі шетелдік және отандық лингвисттердің пікірлерін оңтайлы қолдануымен ерекшеленеді. Газет дискурсын жан-жақты қарастырғанымен, нақты персуазивті

коммуникациямен қатар қарастырған отандық зерттеу жұмысының анықталмағандығы М.К.Адырбекованаң зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын құрайды.

Екі тілді қоғамның мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі сенімдеріне негіз болатын лексиканың концептілік мәнін талдау арқылы, персуазивті мақсатты жүзеге асырушы тәсілдер де сол ерекшеліктерге байланысты екенін анықтаған автор лингвистика саласында маңызды зерттеу жүргізген. Ағылшын және қазақ тілді газет материалдарының талдауы екі мәдениеттің ақпарат тарату ерекшелігі мен оны әзірлеу әдістерін сипаттап қана қоймай, оларға екіжақты сыйни көзқараспен баға берді.

Диссертациялық жұмыспен танысу нәтижесінде бұндай лингвистикалық зерттеуге екі тіл тарарапынан таңдалған алты газеттің көлемі аздық етпейді ме деген сұрақ туындейды. Оған себеп, оқырман санасына когнитивті-психологиялық әсер етуші күрделі коммуникативтік стратегиялардың қырсырын тек газет емес, одан білек ақпарат көздерінен жан-жақты қарастыру арқылы оның лингвистикаға белгісіз өзге де ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді ме деген болжам. Аталмыш болжам диссертанттың ғылыми жаңалығы ретінде ұсынып отырған үш жаңа коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларының құндылығын жоққа шығармайды, керісінше, болашақта осы орайда жүргізілер зерттеулеріне қосар шағын лингвистикалық кенес болмақ.

Корытындылай келе, Адырбекова Maye Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» тақырыбы бойынша жазған диссертациялық жұмысының жоғарыда аталып өткен сипаттамасын негізге ала отырып, «Ғылыми Дәрежелерді Беру Қағидаларына» толық сәйкестігін растаймын және Адырбекова Maye Колибаевна «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Пікір беруші:

М.Ауезов атындағы
ОҚУ ф.ғ.к., доцент

тел.: +7 705 489 99 69
e-mail: ainura_donbayeva@mail.ru

